

# Жаңа әкімге бірқатар міндет жүктелді

Сейсенбі күні Арқалық қалалық мәслихаты депутаттарымен келісу арқылы қала әкімдігіне жаңа басшы тағайындалды. Қостанай облысының әкімі Архимед МҰХАМБЕТОВ қала активімен кездесіп, жаңа әкім Амантай Кәкімбекұлы БАЛҒАРИНДІ жұртшылыққа таныстырды.

А. Мұхамбетов өз сөзінде жаңа әкімнің жұмысына сәттілік тілей отырып, бірқатар міндеттер мен тапсырмаларын берді. Арқалық аймағының бірінші кезектегі мәселелері – жылы беру маусымына тиесілі дайындық жүргізу, ауыл шаруашылығын дамыту, әсіресе, мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан» сияқты бағдарламаларды талап етілген көрсеткіштерге сай орындау, ірі жобаларға бөліметін мемлекет қаржысын ұтымды игеру, оларды жүзеге асыру барысындағы жұмыстарға жергілікті тұрғындардың көм дегенде 50 пайызын тарту сияқты міндеттерді атап өтті.

А. Мұхамбетовтың айтуы бойынша, Арқалық өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында шағын және орта бизнес әлеуеті толық ашылмай келеді. Нарықтың қозғаушы күші – кәсіпкерлік саласын жандандыруға мемлекет жылдық пайызы субсидияланатын қолайлы несиелер ұсынуға. Алайда, Арқалық аймағы бойынша бұл салада белсенділік әлі байқалмайтынын баса айтты.

Облыс әкімі, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, барлығы бойынша әлі де жұмыс атқару керектігін атап өтті. «Біз алдымызға іске асырымды міндеттер қойып отырмыз. Оларды еңсеру үшін тек қана еңбек ету керек», - деп түйіндеді ойын А. Мұхамбетов.

Арқалық қаласында 2013 жылдан бері үш жыл бойы қызмет



Енді жаңа деңгейде, яғни «Нұр Отан» партиясының Қостанай облыстық филиалы бірінші төрағасының орынбасары қызметінде Арқалықтың мұн мұқтажын ескеріп, оларды шешуге атсалысуға уәдесін берді.

Амантай Балғарин өз кезегінде Арқалықтың жағдайы қалыпты екенін айтып, облыс басшысы қой-



**Амантай Кәкімбекұлы БАЛҒАРИН** 1962 жылы 24 қазанда Қостанай облысы Дуликеөл ауданының Тимофеев поселкесінде дүниеге келген. 1981 жылы Қостанай ауылшаруашылық техникумын ветеринар фельдшері мамандығы бойынша, 2005 жылы Алматы экономика және статистика академиясын есеп және аудит мамандығы бойынша тәмамдаған.

1981 жылдың наурыз-мамыр айларында Семіозер ауданының «Қаймақкөл» кеңшарында ветеринарлық санитар болып жұмыс істеді. 1981 жылдың мамыры мен 1983 жылдың маусымы аралығында Сұхуми қаласында Совет Армиясы қатарында қызмет етті. 1983 жылдың шілдесінен 1998 жылдың шілдесі аралығында «Қаймақкөл» кеңшарында ветеринар дәрігері, кәсіподақ комитетінің төрағасы, «Қаймақкөл» кеңшарының бас ветеринары қызметтерін атқарды. 1998 жылдың шілдесінен бастап 2004 жылдың наурызы аралығында Дуликеөл аудандық ауыл шаруашылық басқармасында жетекші маман, бас маман, бастықтың орынбасары, бастығы болып жұмыс істеді. 2004 жылдың наурызы мен 2008 жылдың қарашасы аралығында «Тимофеевка-Агро» ЖШС-нің атқарушы директоры болды. 2008 жылдың қарашасынан 2010 жылдың

# Ауылдағы ауқымды шара

Целинный ауылында «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ ұйымдастыруымен Қостанай облысының 80 жылдығы, Арқалық қаласының 60 жылдығына орай «Өлкесі – тарих, даласы – дастан» атты көшпелі зерделі кеңесі болып өтті.

Биыл Қостанай облысының 80 жылдығы мен қаламыздың мерейтойына орай Орталық кітапханада көптеген іс – шаралар түрлі бағытты жоспарға сәйкес өткізілуде. Тәжірибе алмасу, туған өлкеміздің тарихын дәріптеу мақсатында өткен көшпелі кеңес бағдарламасымен кеңестің модераторы ОКЖ директорының м.а А. Досова кеңес қатысушыларын таныс етіп, құттықтау сөз сөйледі. Балалар бөлімінің кітапханашысы Н. Илендеев «Библиотека – центр краеведения» атты дайындаған баяндамасымен бөлісіп, Арқалық қаласының тарихы жайында жинаған іс-қағаздары туралы айтып өтті. Орталық кітапханада Родина ауылында 2012 жылдан бері



туған өлкенің тарихын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін зерттеу мақсатында «Жас ізкесушілер» атты клубы жас оқырмандармен жұмыс жасап келеді. Осы клуб жайлы Оқу залы бөлімінің кітапханашысы Қ. Дүйсенбаева баяндама оқып, іс – тәжірибелік жұмыстарын слайд арқылы ұсынды. Абонемент бөлімінің кітапханашысы қызықты психологиялық

тренинг өткізіп, кеңес қатысушыларын сергітіп алды. Целинный ауыл кітапханашысы А. Амиржанова «Сүйікті өлкем жүрегімде» атты тақырыптық кешімен бөлісті. Г. Қуанышова Қайыңды ауылының тарихы жайында айтып «Еңбегі ерен ардагерлер» атты іс-тәжірибесінен баяндама оқыды. Ауыл әкімі Қ. Айманова ауыл тарихына қысқаша шолу жасап, кітапхана

ұжымына ризашылығын білдірді. ОКЖ кітапханашысы Г. Мусабаяева «Менің туған өлкем» атты тақырыпта кітап көрмесіне шолу жасап көшпелі зерделі кеңесті аяқтады.

**Қ. ДҮЙСЕНБАЕВА,**  
«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ оқу залы бөлімінің кітапханашысы.